




Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Ғылым жаршысы: пәнаралық = Вестник науки Казахского агротехнического исследовательского университета имени Сакена Сейфуллина: междисциплинарный. – Астана: С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, 2025. -№ 1 (124). - Р. 63-71. - ISSN 2710-3757, ISSN 2079-939X

doi.org/ 10.51452/kazatu.2025.1(124).1818

ЭОЖ 330:336.14

Зерттеу мақаласы

## Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қаржылық қолдаудың тәсілдері

Утибаева Г.Б.<sup>1</sup> , Утибаев Б.С.<sup>1</sup> , Жунусова Р.М.<sup>1</sup> , Ахметова Д.Т.<sup>1</sup> 

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана, Қазақстан

**Корреспондент автор:** Утибаева Г.Б.: gulzhan79@mail.ru

**Бірлескен авторлар:** (2: БУ) ubs\_51@mail.ru; (3: РЖ) ubs\_51@mail.ru;  
(4: ДА) dinra09@mail.ru

**Қабылданған күні:** 09-01-2025 **Қабылданды:** 03-03-2025 **Жарияланды:** 31-03-2025

### Түйін

Алғышарттар мен мақсат. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржылық қолдау мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Сонымен бірге субсидиялау және несиелеу мәселелері агроөнеркәсіп кешенінің іс-әрекеттеріне айтарлықтай ықпалын тигізеді. Бірақта, соңғы жылдары ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын тікелей субсидиялау көп жағдайларда оң нәтиже бермей отыр. Сол себептен бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге тікелей арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу аса маңызды міндет ретінде қарастырылып отыр.

Зерттеудің мақсаты несиелеу және субсидиялау қызметтерін көрсететін несиелік серіктестердің (бұдан әрі НС), несие алушылардың, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қызметін бағалау тұрғысынан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қаржылық қолдауды пайдалану тиімділігін зерттеу болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Объектілердің жағдайы мен тиімділігін зерделеуде ауыл шаруашылығы құрылымының өндірістік-қаржылық қызметіне, несиелендіретін НС-ке салыстырмалы бағалау әдісі, экономикалық-статистикалық, абстрактілі-логикалық және алынған нәтижелерді талдау және жалпылау әдістері қолданылды.

Нәтижелер. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің республикалық бюджеттен бөлінген несиелер мен субсидияларды пайдалану тиімділігін талдау нәтижесі, жалпы алғанда, олардың қажеттілігін көрсетті. Алайда, ұзақ мерзімді несиелердің елеусіз үлесін көрсететін негізгі капиталға салынған инвестицияның төмен үлесі байқалады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қаржылық қолдаудың бір түрі, яғни субсидияларды пайдалану тиімділігі төмен деңгейде қалып отыр, өйткені оны алушылар жұмысының прогрессивті нәтижелерін көрсете бермейді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы субъектілеріне субсидия берудегі объективтілік пен ашықтық мәселелері де шешімін таппай отыр. Субсидиялар көбінесе біркелкі бөлінбейді, бұл қаржы ресурстарының ірі ауыл шаруашылық қожалықтарына шоғырлануына әкеліп соғады, ал шағын шаруашылықтар шетте қалады. Бұл теңсіздікті күшейтіп, шағын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Қорытынды. Реттеу тетіктер мен құралдар ретінде бюджеттік субсидиялар және жеңілдетілген несиелер тауар өндірушілерге шаруашылықты тиімді басқаруға бағыттауы және оларға қатаң сараланған түрде берілуі керек. Аграрлық секторды қаржылық қолдау механизмі ауылшаруашылық кәсіпорындарының өзін-өзі қаржыландыру қағидағтары бойынша жұмыс істейтінін және оларды қолдаудың нақты шаралары бизнестің қалыпты экономикалық жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған қосымша шаралардан басқа ештеңе емес екенін ескеруі тиіс.

**Кілт сөздер:** қаржылық қолдау; несиелеу; субсидиялау; несиелік серіктестіктер; ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер; шаруашылықтың тиімділігі.

## **Кіріспе**

Еліміздің Президенті Қ.-Ж.Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйекте жарияланған Жолдауында «... агроөнеркәсіпке бөлінетін бүкіл ақшаның 70% – мемлекет қаржысы. Бұл салаға коммерциялық банктердің қаражатын да тарту қажет. Диқандарға өсімі аз несие беру үшін мемлекеттік қаржы институттарын субсидиялау шаралары қолға алынды. Банктерге қатысты осындай тәжірибені қолдану керек. Мұның бәрі шаруаларды айналымға қажетті қаражатпен шұғыл қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға және несие алуды оңтайландыруға жол ашады» - деді [1].

Мемлекеттің экономикалық саясатының құрамдас бөлігі болып табылатын аграрлық саясаттың негізгі мақсаттарының бірі – бұл ауыл шаруашылығы өндірісінің рентабельділігін арттыру, өйткені экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда ауыл шаруашылығы саласы салыстырмалы түрде тең емес жағдайда қалыптасқан.

Бұл жағдайлардың ішінде табиғи-климаттық факторларға айтарлықтай тәуелділік, бағалардың диспропорциясы, стандартты өнімдерді сататын көптеген нарық субъектілерінің болуы, азық-түлікке сұраныстың төмен икемділігі, әлемдік нарықтардың құбылмалығы және т.б.

Ауыл шаруашылығының табыстылық деңгейі – бұл басқарудың тиімділігін де, кәсіпорын қолданатын технологияларды да, саланы қаржылық қолдаудың сапасын да бағалауға болатын нәтижелі көрсеткіш. Сондықтан, бұл арқылы басқарудың да, кәсіпорын қолданатын технологиялардың да тиімділігін және де саланы қаржылық қолдаудың сапасын да бағалауға болады.

Мемлекет әртүрлі арнайы несие мекемелерін құру арқылы қаржылық қолдау көрсетеді. Оларды құрудың бастапқы алғышарты ол ауыл шаруашылығы өндірісінің жоғары тәуекелдері және жоғары өтімді кепілдіктің болмауы. Алайда, қаржылық қолдау көрсетуде ауылшаруашылық тауар өндірушілерді қаржылық ресурстармен қамтамасыз етудегі объективтілік пен ашықтық мәселелері шешілген жоқ. Атап айтқанда, субсидиялар көбінесе біркелкі бөлінбейді, бұл қаржы қорларының ірі ауыл шаруашылығы қожалықтарында шоғырлануына әкеледі, сондықтан шағын шаруашылықтар шетте қалады, яғни ауылшаруашылығы кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Сонымен қатар субсидияларды мақсатсыз пайдалану мен сыбайлас жемқорлықты да атап өту керек. Сондықтан, нәтижесінде қаржы ауыл шаруашылығын дамытуға байланысты емес мақсаттарға бағытталуы немесе басқа мақсаттарға жұмсалуды мүмкін, бұл мемлекеттік қолдаудың тиімділігін төмендетеді.

Мүмкін, аграрлық өнеркәсіптік кешенінің (бұдан әрі - АӨК) субъектілеріне тікелей субсидиялаудан қолжетімді несие беруге кезең-кезеңімен көшетін уақыт шынымен жеткен шығар. Бірақ, сонымен бірге, біз қарыз алушының табыс алуы арқылы қол жеткізілетін несиені қайтару принципін ұмытпау керек деп есептейміз. Сондықтан жағдайды осы позициядан бастаймыз. Қалай болғанда да, мемлекет тарапынан қаржылай қолдау – аграрлық саясаттың қажетті құралы және маңызды құрамдас бөлігі.

## **Материалдар мен әдістер**

Алынған тақырыпты ашып көрсету үшін пайдаланылған материалдар ретінде біз АӨК жеңілдетілген несиеге, материалды-техникалық ресурстарды және ауыл шаруашылығы өндірісін субсидиялау сияқты негізгі нысандарды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын ауылшаруашылық құрылымдарына мемлекеттік қолдау жүйесін қарастырдық. Қаржылық қолдау тетіктері нақты НС-тің бірнеше жылдардағы деректері және қаржыландыратын ауыл шаруашылығы кәсіпорынының материалдарын пайдалану негізінде зерделенді.

Объектілердің жағдайы мен тиімділігін зерттеу үшін НС-тің есебінен қаржыландырылатын ауылшаруашылығы субъектілері мен несие серіктестігінің қызметін салыстырмалы бағалау әдістері, экономикалық-статистикалық әдістер, динамикалық, абстрактілі-логикалық әдіс, аналитикалық және алынған нәтижелерді жалпылау әдістері қолданылды.

## **Нәтижелер және талқылау**

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басқа салалардан айырмашылығы жыл бойы табыс алу мен шығын арасында уақытша алшақтық болады. Бұл жағдай қаржылық ресурстардың қалыптасуына ықпалын тигізеді және қарыз көздерін тартуды талап етеді [2]. Сондықтан

табыс алғанға дейінгі шығындардың негізгі бөлігі тартылған несиесінен жабылады және ол қаржылық қатынастарды ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтайды.

Бірақ, қаржылық ресурстар көздерінің құрылымдық оңтайлы деңгейін біржақты қарауға болмайды, бұл мәселені әрбір нақты ресурс көздерін тиімді пайдалану тұрғысынан қарастыру керек. Бұл мәселе кешенді шешілуі керек, өйткені қаржылық ресурстар мәні мен тиесілігі бойынша біркелкі емес, олар өндіріс процесіне қатысады және белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қолданылады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қаржыландыру көздерінің оңтайлы құрылымын құрудың алғышарттарының бірі сыртқы қаржы көздерін тартудың қолайлы шекараларын анықтау болып табылады. Әрине, бұл жағдайда меншікті капиталдың, тартылған капиталдың нақты бар болуын және мемлекеттік бюджеттен қаражат алу мүмкіндігін ескеру қажет. Қаржылық қолдау мемлекеттік, республикалық және жергілікті бюджеттерден де жүзеге асырылуы мүмкін.

Жалпы айтқанда, қаржыландырудың сыртқы көздерін тартудың белгіленген оңтайлы шегі кәсіпорынның өндірістік ресурстарын пайдалану тиімділігін және тартылған ресурстардың қайтарымдылығын арттыруға көмектесуі тиіс. Дегенмен, мұндай қаржыландырудың 60-70% негізінен бюджет қаражаты есебінен НС-ке беретін жеңілдетілген несиелерден тұратынын ескермеу мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қаржылық қолдаудың қазіргі жүйесінің жағдайын қарастырсақ, ол оны пайдаланудың жеткіліксіз тиімділігін көрсетеді. Бұл қаржылық қолдаудың тиімділік деңгейін сипаттайтын жалпы өнімнің өсу қарқыны мен қаржылық қолдау көлемінің өсу қарқынының арақатынасының индексімен расталады [3].

Ауыл шаруашылығы субъектілеріне қаржылық қызмет көрсететін НС-тің, қаржы институттарының делдалдық қызметтерінің тиімділігін, сондай-ақ әртүрлі меншік және шаруашылық нысанындағы субъектілердің қызметінің нәтижелерін зерделеу қажет [4].

Кредиттік серіктестіктердің қызметін бағалауды Ақмола облысы «Целиноградское» НС» ЖШС-нің мысалында қарастырамыз [5]. НС-тік жұмыс істеген жылдары жалпы сомасы 37,2 млрд теңгеден астам, яғни 76% қысқа мерзімді, 24% ұзақ мерзімді несиелер ресурстары бөлінді. Осы кезең аралығында несиелік ресурстар 27,9 млрд теңгеден астам немесе 75% өтелді.

Берілген несиелік ресурстардың көлемі белгілі бір дәрежеде ауыл шаруашылығының дамуына ықпал етті, оны Целиноград ауданы шаруашылықтарының барлық санаттары бойынша 1-кестеде келтірілген ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мәліметтерінен көруге болады [6].

1-кесте – Целиноград ауданы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі


Көрсеткіштер	2021 ж.		2022 ж.		2023 ж.		Өзгеріс, %	
	млрд теңге	үлес, %	млрд теңге	үлес, %	млрд теңге	үлес, %	2022 ж.	2023 ж.
Өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі	29,5	48,9	30,2	46,2	20,9	40,5	102,4	69,2
Мал шаруашылығының жалпы өнімі	30,2	50,1	34,3	52,4	30,6	59,3	113,6	89,2
А/ш салаларындағы қызметтер	0,6	1,0	0,9	1,4	0,1	0,2	145,2	13,3
Барлығы	60,3	100	65,4	100	51,6	100	108,4	78,9

2023 жылы аса қолайсыз табиғи-климаттық жағдайларға байланысты ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 21,1%-ға, оның ішінде өсімдік шаруашылығы 30,8%-ға, мал шаруашылығы 10,8%-ға және ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер 86,7%-ға күрт төмендеді.

Мәліметтер бойынша 2023 жылы көктемгі егістік жұмыстарын жүргізу үшін қаржыландырылған жалпы егістік көлемі 157483 га, егінді жинау жұмыстары – 154772 га құрады. Ал Целиноград ауданында дақылдармен егілетін алқап көлемі 262469 га асады, яғни аудан

бойынша қаржыландыратын қатысушылардың үлесі шамамен 59% құрайды. Демек, қалған 40% мемлекеттік қаржылық қолдаусыз қалды.


1-суретте ауыл шаруашылығы субъектілеріне берілген несиелердің құрылымы және өтеу пайызы берілген.



1-сурет – Ауыл шаруашылығы субъектілеріне берілген несиелердің құрылымы және өтеу пайызы

1-ші суреттен жыл сайынғы берілген несиелер құрылымында қысқа мерзімді несиелер басым екенін, яғни олардың үлес салмағы 2021 жылы 41,1%-дан 2023 жылы 76,1%-ға дейін өскенін көруге болады. Және, керісінше, ұзақ мерзімді несиелердің үлесі сәйкесінше жыл сайын 58,9%-дан 23,9%-ға дейін төмендеген. Негізінен бұл несиелер көктемгі және күзгі дала жұмыстарына жеңілдетілген пайызбен беріледі. Дегенмен, НС-тің қатысушылары болып табылатын ауыл шаруашылығы субъектілерін несиелендіру көлемі өсуде: 2021 жылы олардың құны 3307,5 млн теңгені құраса, 2022 жылы 4393,5 млн теңгеге немесе 32,9 %, ал 2023 жылы 5720 млн теңгеге немесе 30,2%-ға өсті. Алайда, берілген несиелердің қайтарылуы қанағаттандырмайды, өйткені оның өтеу деңгейі 2021 жылы 76,2%-дан 2023 жылы 61%-ға дейін төмендеген.

2-суретте «Целиноградское» НС» ЖШС-нің қызметінің қаржылық нәтижелері берілген.



2-сурет – «Целиноградское» НС» ЖШС-нің қызметінің қаржылық нәтижелері, мың теңге

2-суреттен сыйақы алуға байланысты жылдық табыстың өсу тенденциясын байқауға болады. Мәселен, 2023 жылды 2022 жылмен салыстырсақ, табыс 16,5%, оның ішінде берілген займдар 15,8% өскен, ал сыйақы төлеуге байланысты шығындар, оның ішінде берілген займдар бойынша 5,9% ғана өсті. Нәтижесінде кәсіпорынның таза пайдасы 16745 мың теңгеден 73090 мың теңгеге немесе 4,4 есеге өсті.

Дегенмен, серіктестіктің таза табысының өсуінің негізгі факторы берілген займдар бойынша сыйақы алуына байланысты кірістің жыл сайынғы өсуі болып табылады. Себебі, 2023 жылы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының барлығы қаржылық дәрменсіз болған (2- кесте), бірақта НС-тің пайдасы 4,4 есеге өсіп отыр. Бұл, сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды есепке алмағандағы, займ бойынша сыйақының жоғары мөлшерлемесінің нәтижесі деп санаймыз. Өйткені, 2023 жылы НС-тік берген барлық несиелерді есепке алу нәтижесінде сыйақының орташа деңгейі 12,2%-ды құрады. Мұндай деңгей келесі мөлшерлемелермен берілген несиелер нәтижесінде қалыптасты, олар:

- «Кең-Дала» бағдарламасы бойынша 5% сыйақы мөлшерлеменен 18 несие;
- «Агробизнес» бағдарламасы бойынша (қаржыландыру көзі – Ұлттық қор) 6% сыйақы мөлшерлемесімен 2 несие;
- «Іскер» бағдарламасы бойынша 5,7% сыйақы мөлшерлеменен 2 несие;
- «Агробизнес» бағдарламасы бойынша (қаржыландыру көзі-меншікті және тартылған капитал) 21% сыйақы мөлшерлеменен 16 несие. Ескерту: ААА рейтингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін жылдық 1%-ға төмендетуге байланысты НС-гі соңғы қарыз алушылар үшін мөлшерлемені жылдық 22%-дан 21% дейін төмендетті;
- «НС-тің меншікті қаражаты» бағдарламасы бойынша жылдық 17% мөлшерлеменен 8-несие берілді.

2-кесте – «Ең-Дала» ЖШС астық дақылдарының көрсеткіштерінің динамикасы [7]

Көрсеткіштер	Дақылдардың түрі	2021ж.	2022ж.	2023ж.	Өзгеріс, %	
					2022ж.	2023ж.
Өнімділік, ц/га	Бидай	8,1	9,2	5,0	113,6	54,3
	Арпа	8,5	10,4	5,0	122,4	2,1 есе
	Сұлы	6,8	13,1	4,8	192,6	2,7 есе
Егістік алқабы, га	Бидай	9 063	9 289	10 000	102,5	107,7
	Арпа	2 457	3 803	2 804	154,8	73,7
	Сұлы	600	1 336	1 283	2,2 есе	96,0
Жалпы өнім, т	Бидай	7 866	10 335	5 000	131,4	2,1 есе
	Арпа	2 091	3 943	1 402	188,6	2,8 есе
		410	1 821	612	4,4 есе	3 есе

2-кестеде мәліметтерінен өсімдік шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлері бойынша ең жақсы өндірістік көрсеткішті «Ен-Дала» ЖШС-гі 2022 жылы қол жеткізгенін көруге болады, ал 2023 жылы көрсеткіштер нәтижесі айтарлықтай нашарлады, яғни үш негізгі дәнді-дақылдардың өнімділігі, жалпы өнімі күрт төмендеді. Мысалға, бидай 45,6%-ға, арпа – 2,1 есе, сұлы - 2,7 есеге төмендеді. Бұл ауылшаруашылық кәсіпорыны өзінің өндірістік-қаржылық қызметінде нәтижеге жету үшін субсидиямен қатар қысқа мерзімді несиелер де тартады [8]. Мәселен, 2022 жылды 2021 жылмен салыстырсақ «Ен-Дала» ЖШС-нің «Целиноградское» НС ЖШС-нен алған несие бойынша қарызының жалпы сомасы 17,4%-ға (2,3 млрд теңгеден 2,7 млрд теңгеге дейін), 2023 жылы 4,5 млрд теңгеге дейін немесе 66,7%-ға өскен.

Қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігі олардың құрылымы мен меншік түріне қарамастан, кәсіпорынның өндірістік қызметінің нәтижелік көрсеткіштері арқылы анықталатындықтан, біз қаржылық ресурстарды қалыптастыру құрылымын оңтайландыруды өндіріс тиімділігімен өзара тәуелділік және өзара әсер ету көзқарасы тұрғысынан қарастыру керек деп есептейміз [9].

Қазіргі таңдағы несиелік серіктестер, қауымдастықтар, тіпті Аграрлық несие Корпорациясының өзі бюджет қаражатын бөлуде және қайтаруда делдалдар болып табылады. Олардың барлығы иерархиялық баспалдақ қадамдарын білдіреді, яғни әрқайсысы заңды негізде өз деңгейінде «купондарды алуды» жүзеге асырады. Негізінде, несиелік серіктестер бастапқыда ынтымақтастықтың негізгі идеясын жоғалтты, өйткені «несиелік серіктестік» ұғымы жеке

сенімге және олардың қызметінің пайдасыз принципіне негізделген серіктестер арасындағы өзара несиені ұйымдастыруды білдіреді.

Аграрлық секторды қаржылық қолдау механизмі ауылшаруашылық құрылымдарының өзін-өзі қаржыландыру қағидаттарында жұмыс істейтінін және оларды қолдаудың нақты шаралары шаруашылық жүргізудің қалыпты экономикалық жағдайларын қамтамасыз етуге арналған қосымша шаралардан басқасы еместігін ескеруге тиіс.

Ауыл шаруашылығы субъектілерін қаржылық қолдау шетелдік және отандық тәжірибе негізінде несиелеудің келесі бағыттары бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

- индустрияланған және ғылыми негізделген технологияларды ұстану;
- инновациялық әзірлемелерді ғылыми қамтамасыз ету және енгізу;
- қаржылық және сақтандыру инфрақұрылымын және кластерлерді дамыту;
- АӨК өнімдерін нарықта реттеу және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- уақытша объективті жағдайларға байланысты банктік несиеге қол жеткізе алмаған ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын құруға несиені беру арқылы іске қосуға көмек көрсету;
- мемлекеттің кооперативтерді дамытуға, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді қолдау бағдарламаларына қаржылық қатысуы;
- лизингтік және кооперативтік әдістерді қоса алғанда жеңілдік несиені беру;
- ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу, несиелік өтемақы төлемдері және басқа да операцияларды кепілдікпен несиелеу.

Қазіргі түсініктемеде несиелік серіктестердің іс жүзінде коммерциялық банктерден, яғни өте шағын банктерден айырмашылығы жоқ. Сондықтан, болашақта несиелік серіктестіктерді ауыл шаруашылық банкінің филиалдарына ауыртпалықсыз өзгертуі мүмкін. Елімізде ірі мамандандырылған ауыл шаруашылық банкінің болуы уақыт талабы деп есептейміз. Ірі мамандандырылған ауылшаруашылық банкінің болуы, ең алдымен, негізгі қорларды толықтыруға бағытталған ұзақ мерзімді инвестициялық несиелеуді жеңілдететін еді [10].

### Қорытынды

1. Мемлекет тарапынан қаржылай қолдау – аграрлық саясаттың қажетті құралы және маңызды құрамдас бөлігі.

2. Субсидиялар көбінесе біркелкі бөлінбейді, бұл қаржы қорларының ірі ауыл шаруашылығы қожалықтарында шоғырлануына әкеледі, бұл шағын шаруашылықтар шетте қалады, яғни ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

3. АӨК субъектілеріне тікелей субсидиялаудан қолжетімді несиені беруге кезең-кезеңімен көшу жолында қарыз алушының табыс алуы арқылы қол жеткізілетін несиені қайтару принципін есепке алу керек.

### Авторлардың қосқан үлесі

БУ, РЖ, ДА: зерттеуді рәсімдеді, әдебиеттерді жан-жақты іздестірді, жиналған деректерді талдады және қолжазбаны дайындады. ГУ және БУ: қолжазбаға түзету енгізіп, соңғы кезеңін дайындады. Барлық авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, баспаға шығаруға ұсынды.

### Әдебиеттер тізімі

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. (06.12.2024). URL: <https://www.akorda.kz>

2 Aimurzina, B., Kamenova, M., Omarova, A., Karipova, A., Auelbekova, A. (2018). The economic nature of financial leverage of agricultural production. *Journal of Applied Economic Sciences*, 13(8), 2394-2405.

3 Сигарев, МИ, Нарынбаева, АС. (2017). Совершенствование государственной поддержки сельскохозяйственного производства в условиях интеграции стран ЕАЭС. *Вестник Омского университета. Серия «Экономика»*, 2(58), 155-164.

- 4 *Аграрная кредитная корпорация*. (14.12.2024). URL: [https:// agrocredit.kz](https://agrocredit.kz)
- 5 *ТОО «Кредитное товарищество «Целиноградское»*. (03.12.2024). URL: <https://statsnet.co/companies/kz/25578515>
- 6 *Регионы Казахстана в 2023 году*. (05.11.2024). Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. URL: [https:// www.stat.gov.kz](https://www.stat.gov.kz).
- 7 Финансовая отчетность ТОО «Ен Дала» за 2021-2023 гг.
- 8 Утибаева, ГБ, Байдаков, АК, Тукунова, БИ. (2019). Состояние кредитования сельскохозяйственных товаропроизводителей кредитными товариществами. *Экономика и статистика*, 2, 142-148.
- 9 Жунусова, РМ, Шаукерова, ЗМ, Ахметова, ДТ. (2024). Проблемы и новые подходы государственной финансовой поддержки сельского хозяйства. *Известия Иссyk-Кульскогo форума бухгалтеров и аудиторов стран Центральной Азии*, 2, 83-87.
- 10 Утибаева, ГБ, Утибаев, БС, Жунусова, РМ, Ахметова, ДТ. (2019). Эффективность деятельности кредитных товариществ и кредитуемых сельхозтоваропроизводителей. *Вестник науки. КазАТУ им. С.Сейфуллина*, 3, 159-167.

## References

- 1 *Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqayevtyн «Adiletти Qazaqstan: zan men tartip, ekonomikalыq osim, qogamdyq optimizm» attы Qazaqstan halqyna ZHoldauy*. (06.12.2024). URL: <https://www.akorda.kz>
- 2 Aimurzina, B., Kamenova, M., Omarova, A., Karipova, A., Auelbekova, A. (2018). The economic nature of financial leverage of agricultural production. *Journal of Applied Economic Sciences*, 13(8), 2394-2405.
- 3 Sigarev, MI, Narynbaeva, AS. (2017). Sovershenstvovanie gosudarstvennoy podderzhki sel'skohozyaistvennogo proizvodstva v usloviyakh integracii stran EAES. *Vestnik Omskogo universiteta. Seriya «Ekonomika»*, 2(58), 155-164.
- 4 *Agrarnaya kreditnaya korporaciya*. (14.12.2024). URL: [https:// agrocredit.kz](https://agrocredit.kz)
- 5 *ТОО «Кредитное товарищество «Зелиноградское»*. (03.12.2024). URL: <https://statsnet.co/companies/kz/25578515>
- 6 *Regiony Kazahstana v 2023 godu*. (05.11.2024). Byuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. URL: [https:// www.stat.gov.kz](https://www.stat.gov.kz).
- 7 *Finansovaya otchetnost' ТОО «En Dala» за 2021-2023 g.g.*
- 8 Utibayeva, GB, Baidakov, AK, Tukenova, BI. (2019). Sostoyanie kreditovaniya sel'skohozyajstvennyh tovaroproizvoditelei kreditnymi tovarishchestvami. *Ekonomika i statistika*, 2, 142-148.
- 9 Zhunusova, RM, Shaukerova, ZM, Ahmetova, DT. (2024). Problemy i novye podhody gosudarstvennoy finansovoy podderzhki sel'skogo khozyaystva. *Izvestiya Issyk-Kul'skogo foruma bukhgalterov i auditorov stran Central'noj Azii*, 2, 83-87.
- 10 Utibayeva, GB, Utibayev, BS, Zhunusova, RM, Ahmetova, DT. (2019). Effektivnost' deiatelnosti kreditnykh tovarishestv i kredituemykh selkhoztovaroproizvoditelei. *Vestnik nauki KazATU im. S. Seifullina*, 3, 159-167.

## Инструменты финансовой поддержки сельскохозяйственных предприятий

Утибаева Г.Б., Утибаев Б.С., Жунусова Р.М., Ахметова Д.Т.

### Аннотация

Предпосылки и цель. В настоящее время большое внимание уделяется вопросам финансовой поддержки сельхозпроизводителей. В то же время вопросы субсидирования и кредитования оказывают существенное влияние на деятельность АПК. Однако в последние годы прямое субсидирование сельскохозяйственных предприятий во многих случаях не дало положительных

результатов. Именно поэтому сегодня считается очень важной задачей постепенно перейти к методу предоставления прямых дешёвых кредитов сельхозпроизводителям.

Целью исследования является изучение эффективности использования средств государственной финансовой поддержки сельхозтоваропроизводителей с точки зрения оценки деятельности как кредитных товариществ, предоставляющих услуги кредитования и субсидирования, так и получателей кредитов – сельхозформирований.

Материалы и методы. При изучении состояния и эффективности деятельности объектов была использована методика сравнительной оценки производственной и финансовой деятельности сельхозформирований, кредитуемых КТ и самого кредитного товарищества на основе экономико-статистических приёмов сопоставления и динамики, абстрактно-логических методов и методов анализа и обобщения полученных результатов.

Результаты. Проведённый анализ эффективности использования сельскими товаропроизводителями выделенных из республиканского бюджета кредитов и субсидий показал в целом их необходимость. Однако имеет место низкая доля инвестиций в основной капитал, свидетельствующая о незначительной доле долгосрочных кредитов.

Эффективность использования сельхозтоваропроизводителями одного из видов финансовой поддержки - субсидий, в целом, остаётся низкой, поскольку не всегда ее получатели показывают прогрессирующие результаты деятельности. К тому же остаются нерешенными вопросы объективности и прозрачности предоставления сельхозформированиям субсидий. Часто субсидии распределяются неравномерно, что приводит к концентрации финансовых средств у крупных агрохолдингов, в то время как малые фермерские хозяйства остаются в стороне. Это усугубляет неравенство и снижает конкурентоспособность небольших сельхозформирований.

Закключение. Бюджетное субсидирование и кредитование, как регулирующие рычаги и инструменты, должны ориентировать товаропроизводителей на более эффективное хозяйствование, и они должны предоставляться строго дифференцировано. Механизм финансовой поддержки аграрного сектора должен учитывать, что сельхозформирования функционируют на принципах самофинансирования и что конкретные меры их поддержки не что иное как дополнительные меры, призванные обеспечить нормальные экономические условия хозяйствования.

**Ключевые слова:** финансовая поддержка; кредитование; субсидирование; кредитные товарищества; сельхозтоваропроизводители; эффективность деятельности.

### **Instrument of financial support of agricultural enterprises**

Gulzhan B. Utibayeva, Begendyk S. Utibayev, Raushan M. Zhunussova,  
Dinara T. Akhmetova

#### **Abstract**

Background and Aim. Currently, significant attention is paid to issues of financial support for agricultural producers. At the same time, subsidies and loans play a crucial role in shaping the activities of the agro-industrial sector. However, in recent years, direct subsidies to agricultural enterprises in many cases has not yielded positive results. That is why today it is considered a very important task to gradually move to the method of providing direct cheap loans to agricultural producers.

This study aims to evaluate the effectiveness of state financial support for agricultural producers by assessing the performance of both credit unions that provide loans and subsidies and agricultural enterprises that receive them.

Materials and Methods. When studying the state and efficiency of the objects, the methodology of comparative assessment of production and financial activities of agricultural formations financed by the CT and the credit partnership itself was used based on economic and statistical methods of comparison and dynamics, abstract logical methods and methods of analysis and generalization of the obtained results.



**Results.** The conducted analysis of the efficiency of using loans and subsidies allocated from the republican budget by rural producers showed their necessity in general. However, the low proportion of investments in fixed assets indicates a limited share of long-term loans.

The efficiency of subsidies as a form of financial support remains generally low, as their recipients do not always demonstrate progressive results in their activities. Furthermore, the objectivity and transparency of subsidy allocation to agricultural enterprises remain problematic. Subsidies are often distributed unevenly, which leads to the concentration of financial resources in large agricultural holdings, while small farms remain on the sidelines. This exacerbates inequality and diminishes the competitiveness of small agricultural enterprises.

**Conclusion.** Budgetary subsidies and lending, as regulatory tools, should incentivize producers to adopt more efficient management, and they should be provided in a strictly differentiated manner. The mechanism of financial support for the agricultural sector should take into account that agricultural enterprises operate on the principles of self-financing and those specific measures of their support are nothing more than additional measures designed to ensure normal economic conditions for management.

**Keywords:** financial support; lending; subsidizing; credit partnerships; agricultural producers; efficiency of activities.